



2024 Worldwide Crusade in Honour of the Immaculate Heart of Mary

Kazakh (Cyrillic)

Кілесе дағдарысына Құдайдың араласуын сұрайтын Мәриямның Бейкүнә Жүрегінің құрметіне дүниежүзілік дұғалы науқан

Фатима аймағында Әулие Мәриям Бикеш арнайы Құдайдың рақымын алу үшін осы заманда тиімді рухани құралдар бізге берді, атап айтқанда, Раушантәж дұғасы және Алғашқы бес сенбінің ғибадаты.

Алғашқы бес сенбінің ғибадаты келесідей: қатарынан бес айдың бірінші сенбісінде Тәубе рәсіміне келіп, Киелі Қатынасу (Еухаристия) рәсімін қабылдау, әрі Киелі Раушантәжімен дұға етіп, Мәриямның Бейкүнә Жүрегіне қарсы жасалған күнәларды өтеу үшін Раушантәжінің он бес құпиясының кем дегенде бір құпиясы туралы он бес минут ішінде ойтолғам жасау.

Қазір Католик Кілесесін шарпыған үлкен дағдарыс жағдайында Фатималық Мәриям Бикештің Бауырластығы дүниежүзілік рухани науқанды бастап жатыр. Осы науқан Мәриямның Бейкүнә Жүрегі арқылы Құдайдан көмегі мен араласуын сұрау үшін Киелі Раушантәжімен күнделікті мінәжат еткеннен, Алғашқы бес сенбінің ғибадатын жасағаннан, әсіресе Рим қаласындағы Қасиетті Тақ үшін дұға еткеннен тұрады.

Осы рухани науқан 2024 жылғы қаңтар айының бірінші сенбі күні (6 қаңтар) басталып, 2024 жылғы желтоқсан айының бірінші сенбі күні (7 желтоқсан) аяқталады.

2023 жылғы 8 желтоқсан, Әулие Мәриям Бикештің Күнәсіздігі мерекесі.

Кристофер П. Вендт, Фатималық Мәриям Бикештің Бауырластығының халықаралық директоры
+ Атанасиус Шнайдер, Фатималық Мәриям Бикештің Бауырластығының рухани көмекшісі,
Астана қаласындағы Әулие Мәриям Басдиоцезінің көмекші бескібі.

Kazakh (Latin script)

Kilese daǵdarısyna Qūdaıdıñ aralasuyn sūraitın Māriamnyñ Beikünä Jüreginiñ qūrmetine dūniejüzilik dūǵaly nauqan

Fátima aimaǵında Äulie Māriam Bikeş arnaiy Qūdaıdıñ raqymyn alu úşın osy zamanda tiimdi ruhani qūraldar bızge berdi, atap aitqanda, Rauşantäj dūǵasy jäne Alǵaşqy bes senbiniñ ğıbadaty.

Alǵaşqy bes senbiniñ ğıbadaty kelesidei: qatarynan bes aıdıñ bırıñşı senbısinde Täube räsımine kelip, Kieli Qatynasu (Euharistia) räsımın qabyldau, äri Kieli Rauşantäjiimen dūǵa etip,

